

Талдық негізгі орта білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылғы

Аға тәлімгердің жұмыстарының анықтамасы

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрілігі « Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде мектептің жылдық тәрбие жоспары бекітіліп тәрбие жұмыстары жүргізілуде .

Тәрбиенің мақсаты

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері

1. Ата-ананың өсиетін тыңдау, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдықпен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бойтүзуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілікке, мейірімділік, қамқорлық әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру,
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстауға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу .
5. Табиғатқа табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдауға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтижелер

1. Ата-ананы сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ» «жеті ата» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды .
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік ісіне адал, кішіге ізет, үлгенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2024-2025 оқу жылының басында тәлімгердің жылдық жоспары бекітілді . Осы жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілуде. 1-қыркүйке білім күніне арналған «Мектебім мейірім мекені» атты сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

30 қыркүйек күні М.Жұмабаев заманның заңғар тұлғасы жалпы Қазақстандық «диктант жазу күні 2-9 сыныптар аралығында ұйымдастырылды.

1 қазан күні жоспарға сәйкес « Бақытты отбасы » атты видеоролик байқауы өткізілді .байқауға 5-9 сынып оқушылары өз отбасындағы қызықты сәттерден видеоролик дайындап бақауға қатысқан отбасыларды әлеуметтік желіге жариялады.

2-қазан күні Қарттар күніне орай « Ауылымыздың қарияларын құттықтап батасын алып қайттық қазыналы қарттарымыз аман жүрсін ! әлеуметтік желіге жүктелді .

4 қазан күні « Даналық ұстаздан» атты мектебімізде « дублер» күні өткізілді әлеуметтік желіге жарияланды.

18 қазан күні мектебімізде « Күзгі асар жәрменкесі ұйымдастырылды .Жәрмеңкеге 5-9 сыныптар қатысып өз қолдарынан дайындалған тағамдарын өткізді . жәрмеңкеге ата-аналармен ұстаздар қатысты әлеуметтік желіге жарияланды.

19 қазан күні «Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы бойынша» мектеп парламенті президентін сайлау өткізілді сайлауға 5-9сыныптар қатысты 2үміткер дауысқа түсті 10 дауыспен мектеп президенті. Әбдісалам Ерсайын сайланды. Әлеуметтік желіге жарияланды

20қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына орай « ұлықтау » рәсімі өткізілді рәсімге мектептің тәрбие орынбасары Ізбасар жалғас қатысты .Ұланбасы болып 9сынып оқушысы Рахмет Нұрайша сайланды.

23 қазан күні Мектебімізде « ұстазым » әніне Челлендж ұйымдастырылды және әлеуметтік желіге жарияланды.

26 қазан күні « Таза табиғат» атты сенбілік ұйымдастырылды сенбілікке мектеп ұжымы мен оқушылар қатысты әлеуметтік желіге жарияланды .

11қараша күні «қазақ валютасының құндылығы» атты 2-4 сыныптар аралығында сурет көрмесі өткізілді.

12 қараша күні « Смарт бала » байқауы өткізілді байқау 4 кезеңен тұрды 1.таныстыру 2 зияткерлік сұрақтар 3.креативті сұрақтар 3.инновациялық жоба әр топтың жобалары оқушылар қорғап әлеуметтік желіге жарияланды

13 желтоқсан күні « Тәуелсіздік тұғыры » атты мерекелік іс-шара өткізілді.5-9 сынып оқушылары қатысты әлеуметтік желіге жарияланды.

25-26 желтоқсан күндері « Жаңа жыл -2025» мерекелік іс шара өткізілді .

9.01 Тұған өлке ақындарының шығармашылық мәнерлеп оқу сайысы 5-9 сыныптар арасында өткізілді.әлеуметтік желіге жарияланды .

21.01 « Екі жұлдыз» байқауына мектеп мұғалемдермен оқушылар арасында ұйымдастырылды әлеуметтік желіге жүктелді.

3.02 « Мақал –сөздің азығы ,жұмбақ ойдың қазығы » интеллектуалды ойын ұйымдастырылды .

11.02 « Абай әлемі » атты Қызықты үзілісте 2-4 сыныптар арасында Абай өлеңдерінен жарыс ұйымдастырылды. Әлеуметтік желіге жүктелді.

26.02 « Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» іс-шара ұйымдастырылды оқушыларға сұраққа-жауап тапсырмалар берілді әр қайсысы өз ойларын ортаға салды.

3.03 « Мың алғыс» Алғыс айту күніне орай 2-9 сынып оқушылары ұстаздарға, өрт сөндірушілерге және медбикелерге , аналарға алғыстарын білдіріп , челлендж ұйымдастырылды.әлеуметтік желіге жүктелді.

6.03.» Аналар асыл жандар» мерекелік кеш ұйымдастырылды .кеште ән,би орындалды және көріністер қойылды әлеуметтік желіге жүктелді.

18.03 « Қош келдің наурыз» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

19.03 « Ұлттық өнер көрмесі « ұйымдастырылды . Оқушылар өз қолдарымен жасалған бұйымдармен таныстырылды 2-4 сыныптар қатысты.

2.04 1 сәуір құстар күніне орай 5-6 сынып оқушылары құстарға ұя жасап,табиғатқа деген қамқорлықтарын көрсетті.

8.04 « Отбасымен бірге өткізген қуанышты күндерім» « бейнероликтер байқауы 2-4 сыныптар қатысты.

16.04 « Табиғат тамшылары « атты сурет көрмесі 2-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды.